

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 желтоқсан N 1824

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;
2) "Республикалық оқу-тәрбиелік орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 сәуірдегі N 413 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 126-құжат):

қаулының атауындағы "Республикалық оқу-тәрбие орталығы" деген сөздер "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Республикалық оқу-тәрбие орталығы" деген сөздер "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы әлсіз, ауру балаларды, сондай-ақ экологиялық қолайсыз аймақтардың, әл-ауқаты төмен және көп балалы отбасыларының балаларын, балалар үйлеріндегі жетім балаларды тәрбиелеу оқыту және сауықтыру болып айқындалсын";

6 - тармақта:

екінші абзацтағы "Республикалық оқу-тәрбие орталығы" деген сөздер "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпорынды қаржыландыру республикалық бюджеттен және заңдармен тиым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылады".

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жарғысына тиісті өзгерістер енгізсін және оның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК